

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 10 - 14 қазан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.	Құрылыс ойындары	«Мен спортшымын». Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау	Әңгімелесу. Спорт не үшін керек? әңгімелеп беру	Сурет салу. «Футболшы»
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Сәлемдесу айнасы» Дене қызуларын мен тазалығын тексеру Дене шынықтыру шаралары. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл - күйлеріне назар	Сюжетті-рөлдік ойын: «Қалай тамақтанамыз» Ірі құрылыс материалдарымен және	Ойын– жаттығу: «Жуыну» Альбомдар,сюжетті картиналарқарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Сюжеттікойындар: «Менің күн тәртібім», Айболит ертегісінен үзінді оқып беру; «Айболит кеңесі»үстел үсті театры және т.б.

	аударып, қызуын өлшеп қабылдау.	конструкторлармен ойындар.			
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 3				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Біз бақытты баламыз» Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	«Мен әдепті баламын» Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал,кәнеки бәріміз, Сәлем дейік үлкенге.	«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап- күліп жүрейік.	«Қуан,шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет				
	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Отбасының күзгі еңбегі Мақсаты: Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту Күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме кұрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап	1.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Нан дастарханға қалай келеді? Мақсаты: нанның дастарханға келу жолын түсіндіру арқылы диқан мен наубайшының еңбегі туралы ұғындыру. Ә.Қ.Нан ардақты,асыл ас.Кәрі,жас одан аттамас.Ақ дастархан үстінде.Қол жумай оны ұстамас.Сөздік жұмыс.	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы. «Үнді дауыссыз дыбыстар Мақсаты: Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны – Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Отбасының күзгі еңбегі Мақсаты: Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту Күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме кұрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Біз нені үйрендік нені білдік? Мақсаты: дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көктөртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан

	жатыр». Жапырақтардың түстері қандай? Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға ат қойындаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды	Нан туралы шешендік сөздер.Мақал мәтел, тыйым сөздер. Нанды қадірлейік әңгімесін оқу. Дәптермен жұмыс. Суретпен жұмыс. Найбаушылар ойыны. Нан өнімдерінің түрлері.	соңында жеңімпаз анықталады. Балаларға көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй. «Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал	жатыр». Жапырақтардың түстері қандай? Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға ат қойындаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап,әңгіме құрайды	басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді. Артығын тап ойыны. 1.Жол,жаға,жастық, қастық. 2.Шана,шаңғы,шалма, қалма 3.Сурет,сәбіз,сағыз, Қоңыз.Дұрыс көрсет ойыны.Буынды өзгерт дидактикалық жаттығуы. Белгі бер дидактикалық жаттығуы.Дәптермен жұмыс.Саусақжаттығуы.
--	--	--	---	---	---

Жүгіруге арналған ойындар «Торғайлар мен мысық»					
		Ойын: «Торғайлар мен мысық» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты тандайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барып торғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)			
					
	2.Математика негіздері Тақырыбы: 10 саны Мақсаты:- 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы	2.Қазақ тілі Тақырыбы: Жидектер Мақсаты: сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру. Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»	2.Математика негіздері Тақырыбы: Заттарды өлшемі бойынша салыстыру Мақсаты заттарды өлшемі бойынша	2.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Менің Отаным Қазақстан Мақсаты: Е.Х.Атамекен әні.	2.Математика негіздері Тақырыбы: Заттарды өлшемі бойынша салыстыру Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша

	туралы білімін қалыптастыру Ойын жаттығуы: «Дұрыс көрсет». Сан мен цифрдың арақатынасы туралы 15-кестедегі сандық суреттермен жұмыс жасайды. Балалар 21-кестедегі демонстрациялық материалдан саны бар карточканы көрсетеді. – Адамның қолында неше саусақ бар? (10 саусақ). Ойын жағдаяты.Спорт алаңы.10 цифрымен танысу.Дәптермен жұмыс.1т.Суретке қарап сұрақтарға жауап беру. Ойын жаттығу Дұрыс көрсет. 2т.Цифрды ермексаздан жасау. Практикалық жұмыс. 10 дөңгелек санап, үшбұрыш құрастыру. 3т.Реті бойынша сызып,қос ойын жаттығуы.Сана. 4т.Сандарды санап,реті бойынша жапсыру.	Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? Жидектер. Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? Жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? Көгөністер. Кім жылдам? ойыны. Ойын дұрыс па,бұрыс па? Дид-қ ойын Күз сыйы.Дыбыстық жаттығу.Дүкенойыны. Ойын жаттығуы:Бір сөзбен айт.Сөздік ойын:Мен қай жидекті көрсеттім.Дәптермен жұмыс.Тапсырмаларды орындау.	салыстыру біліктілігін қалыптастыру. 1-тапсырманы орындауды ұсыну. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сызады. 2-тапсырманы орындайды. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Жеке жұмыс жүргізу. Өткел ойыны.Гномдар бізге қонаққа келді. Ретімен орналастыру. Дәптермен жұмыс. 1-2-3 тапсырмаларды орындау.Практикалық жұмыс.Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.	М.Ә. Туған жерім тамаша. Туған жердің жырларын Қызғалдақтай терейік. Кең өлкеніңқорларын. Жүр аралап келейік. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Дәптермен жұмыс. Отан туралы әңгімелеу. Отанымыздың көрікті жерлері.	салыстыру біліктілігін қалыптастыру. 1-тапсырманы орындауды ұсыну. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сызады. 2-тапсырманы орындайды. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Жеке жұмыс жүргізу.
--	--	--	--	--	--

--	--	--	--	--	--

**Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар
«Күн мен түн»**




Ойын: “Күн мен түн”

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: “Күн” мен “Түн” деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.

Ереже:

1. Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.
2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.
3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.



Ұйымдастырылған іс-әрекет					
	3.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Ұяң дауыссыз дыбыстар Мақсаты: ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту. «Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естісеңдер, қол шапалақтайсыңдар. – Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке. «Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел ... (биік), қоян ... (жүйрік), сағат ...	3.Көркем әдебиет Тақырыбы:Менің ойыншықтарым Мақсаты: өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру Д/о.Бұл қандай ойыншық. Сөздік жұмыс. М.Әлімбаев.Менің ойыншықтарым өлеңін оқу.Өлең мазмұны бойынша сұрақтар.Мен құлын-шақ,құлынмын. Ақын болсаң жырыңмын. Батыр болсаң, тұлпармын. Негізі сол сырымның. Мнемокесте.Дәптермен жұмыс.Не артық д/қ ойыны	3.Қазақ тілі Тақырыбы: Ойнайықта, ойлайық Мақсаты:өткен тақырып бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту Шаттық шеңбері.Ән Кел,балалар, ойнайық Қызық екен ойыны. 1т.Күз тақырыбы бойынша сұрақтар. 2т.Көкөністер, сұрақтар бойынша сөйлем құрау. 3т.Жемістер.Артығын тап. 4т.Жидектер.Қандай жидектер білесің? Күз мезгілі.Күз белгілері.	3.Көркем әдебиет Тақырыбы:Әкесі мен балалары Мақсаты:сюжеттік бірізділікті сақтап, қисынды мазмұн дауға баулу. Сиқырлысандықша Л.Толстой.Әкесі мен балалары әңгімесін таныстыру.Сөздік жұмыс.Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар.Әрдайым тату,бірге болсаңдар,сендерді ешкім де ренжіте алмайды. Дәптермен жұмыс. Сурет бойынша әңгімелесу.Мақалды жаттау.Үзік сызықты бастырып, бояу.Бірлік болмай, тірлік болмас.	3.Шығармашылық бейнелеу әрекеті Тақырыбы: Қаз балапанымен Мақсаты:балалардың жалпы композиция құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру Жұмбақтар.Шешуі:үйрек, қаз,қораз.Үй құстары.Кім қалай атайды? Ойыны. Үлестірмелі материалмен жұмыс.Қаз жәнебалапандар. Қимылы аз ойын.Балалар шығармашылығы.

	(домалақ), қызыл ...(доп), ала ...(жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ...(домбыра), желбірейді ...(жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б				
--	--	--	--	--	--

Секіруге арналған ойындар «Кесіртке» ойыны.

		Ойын: “Кесіртке” Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер ішінде бағана болып тұрады. Бағыттаушы ойыншы- кесірткенің “басы”, соңғы ойыншы- кесірткенің “құйрығы”. Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткені құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен беріледі. Кесірткені аз уақытта өлтірген топ – жеңімпаз болып есептеледі
		

Ұйымдастырылған іс-әрекет					
	4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бірінші бол!» Мақсаты -Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынменжүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тығылмақ» (3 рет). Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді.	4.Музыка Тақырыбы: «Күз – жомарт» Мақсаты: Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру Музыка тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет) Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)	4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Командалық эстафеталар» (таза ауада) Мақсаты: Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Козғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру «Жолақтарға аттап секіру» (3 рет). Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару. Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды.	4.Музыка Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр» Мақсаты: Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру Музыка тыңдау: «Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев) Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені Билер:«Көңілді қолшатырлар» биі Ойындар, хороводтар: «Күн мен жаңбыр» ойыны	4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ерекше сабақтар» Мақсаты Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктерін дамыту «Әртүрлі білімдер сабағы» Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін» Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркін ұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады

			Дұрыс орындаған ойыншылар ұпай жинайды		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату. Еңбек: Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту,	Бақылау: Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан, Сезді мекен күзді олар. Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар.	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у.	Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін дұрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: «Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу

	Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек». Мақсаты:Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Сұр қоян». Ойын барысы: Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін	дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. Ойын: « Кімге қандай құрал керек? » Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Соқыр теке » . Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке »жіберіледі.Қалғанда ры оны « соқыртеке бақ-бақ » ,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса	Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: « Күзде не киеміз? » Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім кию үлгісін көрсете түсіндіру. Қимылдық ойын: « Аттамақ » . Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі- төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының	Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » . Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Орамал тастау » . Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса,	Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қорын молайту. Қимылдық ойын: « Ақ қояным » Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Қимылдық ойын: « Ұшты-ұшты » Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты » ,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға,үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп
--	---	--	---	---	---

	жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады.	ұсталған адамның көзі байланып « соқыртеке »болады.Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. Дербес ойындар: 1.Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. Тренинг: « Біз тату баламыз » .	белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді. 1.Сазбалшықтан « қала » құрастырайық. 2. « Тәтті тоқаштар » пісірейік . Тренинг : « Тырналар болып ұшайық » .	басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады. Дербес ойындар: 1. « Желмен жарысайық » 2. « Менің әдемі үйім » (құрастыру) Тренинг: « Қолшатыр астында » .	ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. Дербес ойындар: « Тәтті тоқаштар » пісірейік « Мені қуып жет » . Тренинг: « Шаңырақ »
--	---	---	--	---	---

Балаларды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--------------------------------------	--	--	--	--	--